

**"Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 қазандағы N 994 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын ратификациялау туралы**

1997 жылғы 11 желтоқсанда Киото қаласында жасалған Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасы ратификациялансын.

*Президенті*

*Қазақстан Республикасының*

**БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ТУРАЛЫ  
НЕГІЗДЕМЕЛІК  
КИОТО ХАТТАМАСЫ**

Осы Хаттаманың Тараптары,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы, бұдан әрі "Конвенция" деп аталатын, негіздемелік конвенциясының Тараптары болып отырып,

2-бапта баяндалғандай, Конвенцияның түпкілікті мақсатына қол жеткізу мақсатында,

Конвенцияның ережелеріне сүйене отырып,  
Конвенцияның 3-бабын басшылыққа ала отырып,

Конвенция Тараптары Конференциясының бірінші сессиясында оның 1/CP.I шешімінде үшін қабылданған Берлин мандатын орындау үшін мыналар туралы уағдаласты:

**1-бап**

Осы Хаттаманың мақсаттары үшін Конвенцияның 1-бабындағы анықтамалар қолданылады. Бұдан басқа:

1. "Тараптар Конференциясы" Конвенция Тараптарының Конференциясын білдіреді.
2. "Конвенция" 1992 жылғы 9 мамырда Нью-Йоркте қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясын білдіреді.
3. "Климаттың өзгеруі жөніндегі сарапшылардың үкіметаралық тобы" Бүкіләлемдік метеорологиялық ұйым мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы бірлесіп, 1988 жылы құрылған Климаттың өзгеруі жөніндегі сарапшылардың үкіметаралық тобын білдіреді.
4. " Монреаль хаттамасы " 1987 жылғы 16 қыркүйекте Монреальда қабылданған озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі, кейіннен оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен, Монреаль хаттамасын білдіреді.
5. "Қатысқан және дауыс беруге қатысушы Тараптар" қатысушы және "жақтап" немесе "қарсы" дауыс берген Тараптарды білдіреді.
6. "Тарап", контекстте басқа мығынасы болмаса, осы Хаттаманың Тарабын білдіреді.
7. "I қосымшаға қосылған Тарап" оған енгізілуі мүмкін түзетулермен Конвенцияға I қосымшасына қосылған Тарапты немесе Конвенцияның 4-бабындағы 2g тармағына сәйкес хабарламаны ұсынған Тарапты білдіреді.

## **2-бап**

1. I қосымшаға қосылған әрбір Тарап 3-бапқа сәйкес шығарындыларды шектеу мен қысқарту жөніндегі өзінің белгіленген сандық міндеттемелерін орындаған кезде және тұрақты дамуды ынталандыру мақсатында:

а) өз ұлттық жағдайларына сәйкес мынау сияқты саясат пен шараларды жүзеге асырады және/немесе одан әрі әзірлейді:

i) ұлттық экономиканың тиісті секторларында энергияны пайдаланудың тиімділігін жоғарылату;

ii) тиісті халықаралық табиғатты қорғау келісімдер бойынша өз міндеттемелерін ескере отыра, Монреаль хаттамасымен реттелмейтін парник газдарын жұтқыштар мен жинақтауыштардың сапасын қорғау мен жоғарылату; орман шаруашылығын жүргізудің оңтайлы әдістеріне, орманды өсіруге және тұрақты негізде орманды қалпына келтіруге жәрдемдесу;

iii) климаттың өзгеруіне байланысты пайымдау арқылы ауылшаруашылықтың тұрақты насандарын ынталандыру;

iv) зерттеу жұмыстарын жүргізу, жаңа және жаңғыртылатын энергия көздерін, көміртегі диоксидін жұту технологияларын және инновациялық экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізуге жәрдемдесу, әзірлеу және одан да кең пайдалану;

v) нарықтық сәйкессіздіктерді, фискалды ынталарды, салықтар мен баждардан және

Конвенция мақсаттарына қайшы келетін жәрдем қаражаттан босатуды, барлық секторларда - парник газдарын шығаратын көздерде кезең кезеңмен қысқарту немесе жою және нарықтық құралдарды қолдану;

vi) Монреаль хаттамасымен реттелмейтін парник газдары шығарындыларын шектейтін немесе қысқартатын саясат пен шараларды жүзеге асыруға жәрдемдесу мақсатында тиісті секторларда тиісті реформаларды ынталандыру.

vii) көліктегі Монреаль хаттамасымен реттелмейтін парник газдары шығарындыларын шектеу және/немесе қысқарту жөніндегі шаралар;

viii) рекуперация және қалдықтарын арылту кезінде пайдалану жолымен, сондай-ақ энергияны өндіру, тасымалдау және тарату кезінде метан шығарындыларын шектеу және / немесе қысқарту;

b) осындай басқа Тараптармен олардың осы бапқа сәйкес қабылданған, Конвенцияның 4-бабындағы 2e (i)-тармағына сәйкес саясаты мен шараларының жеке жиынтық тиімділігін арттыру мақсатында ынтымақтасады. Осы мақсатта Тараптар олардың салғастырулылығын, ашықтығын және тиімділігін арттыру әдістерін әзірлеуді қоса алғанда, осындай саясат пен шаралар туралы өз тәжірибесін тарату және ақпаратты алмастыру үшін қадамдар жасайды. Осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы өзінің бірінші сессиясында немесе одан кейін, іс жүзінде ол үшін мүмкіндік туғанда, барлық тиісті ақпаратты ескере отыра, осындай ынтымақтастыққа жәрдемдесудің жолдарын қарастырады.

2. I қосымшаға қосылған Тараптар Монреаль хаттамасымен реттелмеген парник газдары шығарындыларын шектеу немесе қысқартуға ниеттенеді, әуе және теңіз тасымалдаулар кезінде бункер отынын пайдалану нәтижесінде, іс-әрекеттерін тиісті Халықаралық азаматтық авиация ұйымы және Халықаралық теңіз ұйымы арқылы ж а с а й о т ы р а .

3. I қосымшаға қосылған Тараптар осы бапқа сәйкес саясаты мен шараларды осындай жүзеге асыруға ниеттенеді, жағымсыз салдарларды, оның ішінде климаттың өзгеруі, халықаралық саудаға әсер ету және басқа Тараптар үшін әлеуметтік, экологиялық және экономикалық салдарлар, әсіресе дамушы елдер болып табылатын Тараптар үшін, атап айтқанда Конвенцияның 4-бабындағы 8 және 9-тармақтарында аталғандар үшін, Конвенцияның 3-бабын ескере отыра, жағымсыз салдарларын барынша азайту үшін ниеттенеді.

4. Осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы, егер ол, түрлі ұлттық жағдайларды және әлеуетті салдарларды ескере отыра, жоғарыдағы 1a тармақта қарастырылған кез келген саясат пен шаралардың үйлестіруінің пайдасы туралы шешім қабылдаса, осындай саясат пен шараларды үйлестірудің жолдары мен құралдарын қарайды.

**3-бап**

1. I қосымшаға қосылған Тараптар жеке немесе бірлесе А қосымшада аталған олардың парник газдарының жиынтық антропогендік шығарындылары көміртегі диоксиды эквивалентінде олар үшін белгіленген сандардан аспауды В қосымшасында бекітілген шығарындыларды шектеу және қысқарту жөніндегі белгілі сандық міндеттемелерді орындау үшін есептелген және осы баптың ережесіне сәйкес осындай газдардың жалпы шығарындыларын міндеттемелердің қолданылатын кезеңінде 2008 жылдан 2012 жылға дейін 1990 жылдың деңгейімен салыстырғанда кемінде бес пайызға қысқарту мақсатында қамтамасыз етеді.

2. I қосымшаға қосылған әрбір Тарап 2005 жылға қарай осы Хаттама бойынша өз міндеттемелерін орындауда көз жеткілікті прогреске қол жеткізеді.

3. I қосымшаға қосылған әрбір Тарап осы бап бойынша міндеттемелерін орындау үшін парник газдарды жұтушылардың абсорбциясы және көздерінен шығарындылар шамасындағы таза өзгерістер пайдаланады, олар адам қызметінің жер пайдаланудағы және орман шаруашылығындағы, 1990 жылдан бастап орманданумен, орманды қалпына келтірумен және ормансыздандырумен шектелген өзгерістер саласындағы тура нәтижесі болып келеді, сол өзгерістер міндеттемелер қолданысының әрбір кезеңінде тексеріске жататын сутек жинақтарындағы өзгерістерді өлшейді. Қызметтің осы түрлерімен байланысты көздерден шығарындылар және парник газдарын жұтушыларының абсорбциясы туралы баяндамалар айқын және тексеріске жататын түрде ұсынылады да 7-, 8-баптарға сәйкес қаралады.

4. Осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясының бірінші сессиясына дейін әрбір I қосымшаға қосылған Тарап Көмектесуші органның қарауына 1990 жылы оның сутек жиналу деңгейін белгілеу үшін және одан кейінгі жылдары оның жиналуында сутектің өзгеруін бағалауды өткізу үшін ғылыми және техникалық аспектер жөнінде консультация беру үшін мәліметтер ұсынады. Осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы өзінің бірінші сессиясында немесе, ол іс жүзінде мүмкін болғанда, одан кейін көздерден және парник газдары жұтушылары абсорбциясы шығарындылардың өзгеруіне байланысты қалай және қандай адам іс-әрекетінің қосымша түрлеріне қатысты ауыл шаруашылық жерлерді және жер мен орман шаруашылығын пайдаланудағы шарттар, ережелер және басшы қағидаттарға қатысты шешім қабылдайды, өзгерістер санаттарында I қосымшаға қосылған Тараптар үшін белгіленген сандарға қосылады, немесе айқынсыздық, баяндамалар ұсынған, тексеріс мүмкіндігі кездегі, Климаттың өзгеруі жөніндегі Үкіметаралық сарапшылар тобының әдістемелік жұмысы кезіндегі, 5-бапқа сәйкес ғылыми және техникалық аспектер жөнінде консультация беру үшін Көмекші органмен ұсынылатын консультациялар кезінде, және Тараптар Конференциясын шешімдерін қабылдаған кезде ашықтық факторларын ескере отырып олардан алынып тасталады. Осындай шешім міндеттемелер қолданылуының екінші және одан кейінгі кезеңінде қолданылады.

Тарап өзінің міндеттемелерін қолданудың бірінші кезеңінде адам іс-әрекетінің осындай қосымша түрлері туралы осындай шешімді қолдануды қабылдауы мүмкін, егер іс-әрекеттің осы түрлері 1990 жылдан бар болса.

5. Конвенцияның Тараптар Конференциясы екінші сессиясының 9/СР.2 шешімін орындау үшін оларға базалық жыл немесе кезең белгіленген, нарықтық экономикаға көшу процесін жүзеге асыратын, I қосымшаға қосылған Тараптар осы базалық жыл немесе кезеңді осы бап бойынша өз міндеттемелерін жүзеге асыру үшін пайдаланады. Конвенцияның 12-бабына сәйкес өзінің бірінші ұлттық хабарламасын әлі ұсынбаған, нарықтық экономикаға көшу процесін жүзеге асыратын, I қосымшаға қосылған кез-келген Тарап осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясын ол осы бап бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін 1990 жылдан басқа базалық жыл немесе кезең пайдалануға ниеті бар екендігін хабардар етуі мүмкін. Осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы осындай хабарлауды қабылдау туралы мәселені шешеді.

6. Конвенцияның 4-бабындағы 6-тармағын ескере отырып, олар, осы бап бойынша міндеттемелерден басқа, өз міндеттемелерін орындаған кезде осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы I қосымшаға қосылған, нарықтық экономикаға көшу процесін жүзеге асыратын Тараптарға белгілі деңгейде икемділік береді.

7. Шығарындыларды шектеу және қысқарту жөніндегі белгілі сандық міндеттемелердің қолданылуының бірінші кезеңінде, 2008 жылдан 2012 жылға дейін, I қосымшаға қосылған әрбір Тарап үшін белгіленген сан А қосымшасында аталған парник газдарының таза жиынтық антропогендік шығарындыларының ол үшін В қосымшасында белгіленген пайыздық үлесіне тең болып келеді, 1990 жыл немесе базалық жыл немесе кезең үшін сутек диоксидінің эквивалентінде, жоғары аталған 5-тармаққа сәйкес белгіленген, беске көбейтілген. Олар үшін жерді және орман шаруашылығын пайдаланудағы өзгерістер 1990 жылы парник газдарын шығаратын таза көздер болып келген I қосымшаға қосылған Тараптар өздерінің белгіленген сандарын есептеу мақсаты үшін базалық 1990 жыл немесе базалық кезең үшін өз шығарындыларына сутек диоксиді эквивалентінде 1990 жылы жер пайдаланудағы өзгерістердің нәтижесінде жұтушылар абсорбциясын алып тастап, көздерден жиынтық антропогендік шығарындыларды қосады.

8. I қосымшаға қосылған әрбір Тарап жоғары аталған 7-тармақта көрсетілген есептесу мақсаты үшін 1995 жылды гидрофторсутектер, перфторсутектер және күкірт гексафториді үшін базалық жыл ретінде пайдалануы мүмкін.

9. I қосымшаға қосылған Тараптар үшін міндеттемелер одан кейінгі кезеңдерге осы Хаттамаға В қосымшасында берілген түзетулерде белгіленеді, олар 21-баптағы 7-тармақтың ережелеріне сәйкес қабылданады. Осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы осындай міндеттемелерді жоғарыдағы

1-тармақта көрсетілген міндеттемелер қолданылуының бірінші кезеңінің аяқталуына дейін жеті жылдан кем емес бұрын қарауын бастайды.

10. 17-баптың немесе 6-баптың ережелеріне сәйкес қайсыбір Тарап басқа Тараптан алатын шығарындылар қысқартылуының кез келген бірліктері немесе белгіленген санның кез келген бөлігі алушы Тараптың белгіленген санына қосылады.

11. 17-баптың немесе 6-баптың ережелеріне сәйкес қайсыбір Тарап басқа Тарапқа беретін шығарындылар қысқартылуының кез келген бірліктері немесе белгіленген санның кез келген бөлігі берушы Тараптың белгіленген санынан алынады.

12. 12-баптың ережелеріне сәйкес қайсыбір Тарап басқа Тараптан алатын шығарындылар қысқартылуының кез келген сертификацияланған бірліктері алушы Тараптың белгіленген санына қосылады.

13. Егер I қосымшаға қосылған Тараптың шығарындылары міндеттемелер қолданылуының сол немесе басқа кезеңінде осы бапқа сәйкес ол үшін белгіленген саннан кем болса, ол айырмашылық, сол Тараптың өтініші бойынша, сол Тараптың міндеттемелер қолданылуының одан кейінгі кезеңіне белгіленген санына қосылады.

14. I қосымшаға қосылған әрбір Тарап жоғары 1-тармақта көрсетілген міндеттемелерді жүзеге сонша асыруға ниеттенеді, дамушы елдер болып табылатын Тараптар үшін, әсіресе Конвенцияның 4-бабындағы 8 және 9-тармақтарында аталған Тараптар үшін қолайсыз әлеуметтік, экологиялық және экономикалық салдарды барынша азайтуға ниеттенеді. Осы тармақтарын жүзеге асыру туралы Тараптар Конференциясының тиісті шешімдеріне сәйкес осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Конвенцияның Тараптар Конференциясы өзінің бірінші сессиясында климат өзгеруінің қолайсыз салдарларын және/немесе Тараптардың жоғары аталған тармақтарында көрсетілген ден қою шараларының салдарларын барынша азайту үшін қандай іс-әрекет қолдану керек екендігін қарайды. Қарауға жататын мәселелерге қаржыландыруды қамтамасыз ету, сақтандыру және технологияларды тапсыру жатады.

#### **4-бап**

1. 3-бап бойынша өз міндеттемелерін бірлесе орындау туралы келісімге келген I қосымшаға қосылған әрбір Тараптар, егер олардың А қосымшасында аталған парник газдары сомалық жиынтық антропогендік шығарындыларының сутек диоксиді эквивалентінде В қосымшасында көрсетілген шығарындыларды шектеу және қысқарту жөніндегі олардың белгіленген сандық міндеттемелерін орындауға есептелген, және 3-баптың ережелеріне сәйкес олар белгілеген сандарынан аспайтын болса, осы міндеттемелерді орындаған болып қаралады. Осындай келісімнің әрбір Тарабы үшін белгіленген шығарындылардың тиісті деңгейі осы келісімде белгіленеді.

2. Кез келген осындай келісімнің Тараптары келісімнің шарттары туралы осы Хаттаманы ратификациялау, қабылдау және мақұлдау немесе оған қосылу туралы өз құжаттарын сақтауға тапсырған күні хатшылықты хабардар етеді. Хатшылық өз

кезегіне Тараптар мен Конвенция сигнатарийлерін осы келісімнің шарттары туралы а қ п а р а т т а н д ы р а д ы .

3. Кез келген осындай келісім 3-баптағы 7-тармақта көрсетілген міндеттемелердің қолданылу кезеңіне күшінде қалады.

4. Егер бірлесе іс-әрекет жасайтын Тараптар, оны экономикалық интеграция жөніндегі өңірлік ұйымының шеңберінде немесе онымен бірлесе жасаса, осы Хаттама қабылданғаннан кейін осы ұйымның құрамындағы ешқандай өзгеріс осы Хаттама бойынша іс жүзіндегі бар міндеттемелерге әсер етпейді.

5. Егер осындай келісімнің Тараптары шығарындылар деңгейінің өзіндік сомалық қысқартуларына қол жеткізбеген жағдайда, осы келісімнің әрбір Тарабы осы келісімде бекітілген шығарындылардың өздерінің өзіндік деңгейлеріне жауапты болады.

6. Егер бірлесе іс-әрекет жасайтын Тараптар, оны экономикалық интеграция жөніндегі өңірлік ұйымының шеңберінде жасаса, ол өзі осы Хаттаманың Тарабы болып табылса, немесе онымен бірлесе, онда әрбір мемлекет-экономикалық интеграция жөніндегі өңірлік ұйымының жеке немесе 24-бапқа сәйкес іс-әрекет жасайтын экономикалық интеграция жөніндегі өңірлік ұйыммен бірлесе, шығарындылар деңгейінің жалпы сомалық қысқартуларын орындамаған жағдайда өзінің шығарындылар деңгейіне жауапты болады да ол туралы осы бапқа сәйкес хабарлама ұсынады.

## **5-бап**

1. I қосымшаға қосылған әрбір Тарап міндеттемелер қолданылуының бірінші кезеңінің басталуына дейін бір жыл бұрын Монреаль хаттамасымен реттелмейтін көздерден антропогендік шығарындыларды және барлық парник газдарын жұлушылары абсорбциясын бағалау үшін ұлттық жүйе құрады. Төмендегі 2-тармақта көрсетілген әдістемелерді өзіне қосатын ұлттық жүйелер үшін басшылық қағидаттарды осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы оның бірінші сессиясында қабылдайды.

2. Монреаль хаттамасымен реттелмейтін көздерден антропогендік шығарындыларды және барлық парник газдарын жұтушылары абсорбциясын бағалау үшін әдістемелер Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобы қабылдаған және Конвенцияның Тараптар Конференциясы оның үшінші сессиясында мақұлдаған әдістемелер болып табылады. Осындай әдістемелер пайдаланбаған жағдайда, осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы оның бірінші сессиясында мақұлдаған әдістемелерге сәйкес тиісті түзетулер енгізеді. Жұмыс негізінде, атап айтқанда, Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының және ғылыми және техникалық аспектілер жөнінде консультация беру үшін Көмектесуші орган ұсынатын консультациялардың негізінде осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы осындай әдістемелер және түзетулерге, толық көлемде Тараптар Конференциясының

кез келген тиісті шешімдерін назарға ала отырып, тұрақты шолу жасайды және, ол қажет болған кезде, оларды қайта қарайды. Әдістемелерді немесе түзетулерді кез келген қайта қарау 3-бап бойынша міндеттемелерді қолданудың аталған қайта қараудан кейінгі кез келген кезеңіне қатысты міндеттемелерді орындауды белгілеу мақсаттарында қолданылады.

3. А қосымшасында аталған көздерден антропогендік шығарындыларды және парник газдары жұтушыларының абсорбциясын сутек диоксиді эквивалентінде есептеу үшін пайдаланатын жаһандық жылынудың әлеуеттері Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобы қабылдаған және Конвенцияның Тараптар Конференциясы оның үшінші сессиясында мақұлдаған әлеуеттер болып табылады. Жұмыс негізінде, атап айтқанда, Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының және ғылыми және техникалық аспектілер жөнінде консультация беру үшін Көмектесуші орган ұсынатын консультациялардың негізінде осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы тұрақты әрбір осындай парник газдың жаһандық жылыну әлеуетінің шамаларын, толық көлемде Тараптар Конференциясының кез келген тиісті шешімдерін назарға ала отырып, қарайды, және, ол қажет болғанда, оларды қайта қарайды. Жаһандық жылынудың осы немесе басқа әлеуетінің шамасын кез келген қайта қарау 3-бап бойынша міндеттемелерді қолданудың аталған қайта қараудан кейінгі кез келген кезеңіне қатысты міндеттемелерді орындауды белгілеу мақсаттарында қолданылады.

#### **6-бап**

1. 3-бап бойынша өз міндеттемелерін орындау мақсаттары үшін I қосымшаға қосылған кез келген Тарап экономиканың кез келген секторында көздерден антропогендік шығарындылардың қысқартылуына немесе парник газдарын жұтушылардың абсорбциясын ұлғайтуға бағытталған жобалардың нәтижесінде алынған шығарындылар қысқартылуының бірліктерін, басқа осындай Тарапқа тапсыруы немесе одан алуы мүмкін, мынадай жағдайлар ескерілсе:

a) кез келген осындай жоба қатысушы Тараптармен бекітілген;  
b) кез келген осындай жоба көздерден шығарындылардың қысқартылуын немесе жұтушылар абсорбциясының ұлғаюын, басқа жағдайда болуы мүмкінге қосымша, қ а р а с т ы р а д ы ;

c) егер ол 5 және 7-баптары бойынша өз міндеттемелерін сақтамаса, ол шығарындылар қысқартылуының ешқандай бірліктерін сатып алмайды;  
d) шығарындылар қысқартылуының бірліктерін сатып алу 3-бап бойынша міндеттемелерді орындау мақсаттары үшін ішкі іс-әрекеттерді толықтырады.

2. Осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы өзінің бірінші сессиясында немесе одан кейін, іс жүзінде ол мүмкін болған жағдайда, осы бапты жүзеге асыру үшін, оның ішінде баяндамаларды тексеру және ұсыну үшін, одан арғы басшылық қағидаттарды әзірлеуі мүмкін.



3. I қосымшаға қосылған Тарап осы бапқа сәйкес шығарындылар қысқартылуының бірліктерін алуға, тапсыруға немесе сатып алуға апаратын іс-әрекеттерде оның жауапкершілігіне заңды тұлғаларды уәкілеттендіреді.

4. Егер 8-баптың ережелеріне сәйкес I қосымшаға қосылған осы немесе басқа Тараптың, осы бапта көрсетілген талаптарды орындауына қатысты мәселе анықталса, шығарындылар қысқартылуының бірліктерін тапсыру немесе сатып алу осы мәселе анықталғаннан кейін жалғастырылуы мүмкін, егер 3-бап бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін сақтау туралы мәселе шешілгенше ешқандай Тарап ешқандай бірліктерді пайдалана алмайды.

## **7-бап**

1. I қосымшаға қосылған әрбір Тарап өзінің жыл сайынғы көздерден антропогендік шығарындылардың және Монреаль хаттамасымен реттелмейтін, Конвенцияның Тараптар Конференциясының тиісті шешімдеріне сәйкес ұсынылатын парник газдарын жұтушылар абсорбциясының кадастрына 3-тармақтың сақталуын қамтамасыз ету мақсаттарында төмендегі 4-тармаққа сәйкес белгіленетін қажетті қосымша ақпаратты қ о с а д ы .

2. I қосымшаға қосылған әрбір Тарап Конвенцияның 12-бабына сәйкес ұсынылатын өзінің ұлттық хабарламасына осы Хаттама бойынша өз міндеттемелерінің сақталуын көрсету үшін қажетті төмендегі 4-тармаққа сәйкес белгіленетін қосымша ақпаратты қ о с а д ы .

3. I қосымшаға қосылған әрбір Тарап жыл сайынғы негізде, Конвенцияға сәйкес ұсынуға жататын бірінші кадастрдан бастап міндеттемелер қолданылу кезеңінің бірінші жылына осы Тарап үшін осы Хаттама күшіне енгеннен кейін жоғарыдағы 1-тармаққа сәйкес талап етілетін ақпаратты ұсынады. Әрбір Тарап бірінші ұлттық хабарламаның бөлігі ретінде Конвенцияға сәйкес ұсынуға жататын, ол үшін осы Хаттама күшіне енгеннен кейін және төмендегі 4-тармақта қарастырылғандай басшылық қағидаттарын қабылдағаннан кейін жоғарыдағы 2-тармақта талап етілетін ақпаратты ұсынады. Осы бапқа сәйкес талап етілетін ақпаратты кейінгі ұсынудың кезеңділігін, ұлттық хабарламаларды ұсыну үшін Тараптар Конференциясы қабылдаған кез келген кестені ескере отырып, осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы анықтайды.

4. Осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы өзінің бірінші сессиясында I қосымшаға қосылған Тараптардың ұлттық хабарламаларын дайындау үшін Тараптар конференциясы қабылдаған басшылық қағидаттарын ескере отырып, осы бапқа сәйкес талап етілетін ақпаратты дайындау үшін басшылық қағидаттарды қабылдайды және одан кейінгі кезеңдерде қайта қарайды . Осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы міндеттемелер қолданылуының бірінші бюджеттік кезеңінің басталуына дейін белгіленген сандарды есепке алудың тәртібі туралы шешім қабылдайды.

## 8-бап

1. I қосымшаға қосылған әрбір Тараптың 7-тармаққа сәйкес ұсынатын ақпаратты Тараптар Конференциясының тиісті шешімдерін орындауды қарау жөніндегі сарапшылар қарайды және ол төмендегі 4-тармаққа сәйкес осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы осы мақсат үшін қабылдаған басшылық қағидаттарға сәйкес қаралады. I қосымшаға қосылған әрбір Тараптың 7-баптағы 1-тармаққа сәйкес ұсынатын ақпарат жыл сайынғы компиляциялардың бөлігі және шығарындылардың кадастрлары мен белгіленген сандарды есепке алу ретінде қаралады. Оған қоса, I қосымшаға қосылған әрбір Тараптың 7-баптағы 2-тармаққа сәйкес ұсынатын ақпарат хабарламаларды қараудың бөлігі ретінде қаралады.

2. Қарау бойынша сарапшылар тобын хатшылық үйлестіреді және олар Конвенция Тараптары және, ол қажет болғанда, үкіметаралық ұйымдар алға тартқан кандидатуралар санынан іріктелген сарапшылардан тұрады, осы мақсат үшін Тараптар Конференциясы қабылдаған басшылық қағидаттарға сәйкес.

3. Қарау процесі шеңберінде сол немесе басқа Тарап осы Хаттаманы жүзеге асырудың барлық аспектілеріне жан-жақты техникалық баға беріледі. Қарау жөніндегі сарапшылар топтары осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы үшін баяндама жасайды, онда Тараптың өз міндеттемелерін жүзеге асыруына баға беріледі және міндеттемелерді орындауға әсер ететін кез келген әлеуетті проблемалар мен факторлар айқындалады. Осындай баяндамаларды хатшылық Конвенцияның барлық Тараптары арасында таратады. Хатшылық баяндамаларда анықталған оларды жүзеге асыруға қатысты, осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясының одан әрі қарауы үшін, мәселелер тізбесін ж а с а й д ы .

4. Осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы өзінің бірінші сессиясында, Тараптар Конференциясының тиісті шешімдерін ескере отырып, қарау жөніндегі сарапшылар топтарының осы Хаттаманы жүзеге асыруының барысын қарау үшін басшылық қағидаттарды қабылдайды және одан кейін кезеңмен қайта қарайды.

5. Осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы жүзеге асыру жөніндегі Көмектесуші органның және, жағдайға байланысты, ғылыми және техникалық аспектілер жөнінде консультация беру үшін Көмектесуші органның жәрдемдесуімен мынаны қарайды:

а) 7-бапқа сәйкес Тараптар ұсынған ақпаратты және сарапшылардың оны қарау жөніндегі баяндамалары; және

б) жоғарыдағы 3-тармаққа сәйкес оларды жүзеге асыруға қатысты болғасын хатшылық тізбеге қосқан мәселелер, сондай-ақ кез келген Тараптар көтерген мәселелер .

6. Жоғарыдағы 5-тармақта аталған ақпаратты қарағаннан кейін осы Хаттама

Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы осы Хаттаманы жүзеге асыру үшін кез келген мәселелер жөнінде шешім қабылдайды.

### **9-бап**

1. Осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы осы Хаттаманы ең жақсы бар ғылыми ақпарат және климаттың өзгеруін және оның салдарларын, сондай-ақ осыған қатысты техникалық, әлеуметтік және экономикалық ақпаратты бағалау қырынан мерзімді қарайды. Осындай қараулар Конвенция шеңберіндегі тиісті қараулармен, атап айтқанда Конвенцияның 7-бабының 2а-тармағына және 4-бабының 2d-тармағына сәйкес қарастырылған қараулармен үйлестіріледі. Осындай қараулардың негізінде осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы тиісті шешімдер қабылдайды.

2. Бірінші қарау осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясының екінші сессиясында өткізіледі. Одан арғы қараулар тұрақты және уақытылы өткізіледі.

### **10-бап**

1. Барлық Тараптар, өзінің жалпы, бірақ саралап жіктелген жауапкершілігін және өзінің ерекше ұлттық және өңірлік басылымдықтарын, даму саласындағы мақсаттары мен жағдайларын назарға ала отырып, I қосымшаға қосылмаған Тараптар үшін жаңа міндеттемелерді қолданысқа енгізусіз, бірақ Конвенцияның 4-бабының 1-тармағы бойынша бар міндеттемелерді қайта растай отырып, және тұрақты дамуға қол жеткізу үшін осы міндеттемелерді жүзеге асыруға ықпал етуді жалғастыра отырып, Конвенцияның 4-бабының 3, 5 және 7 тармақтарын назарға ала отырып:

а) ұлттық және тиісті жағдайларда өңірлік бағдарламаларды тұжырымдайды, жүзеге асырады, жарыққа шығарады және тұрақты жаңартады, олар климат өзгеруінің салдарларын жұмсарту және климаттың өзгеруіне барабар бейімделуіне ықпал ету жөніндегі шараларды қарастырады:

i) осындай бағдарламалар, атап айтқанда, энергетика, көлік және өнеркәсіп, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және қалдықтарды жоюға қатысты. Одан басқа, климаттың өзгеруіне бейімделуді бейімделу технологиялар және аумақтық-кеңістік жоспарлауды жетілдірудің әдістері арқылы жетілдіруге болады.

ii) I қосымшаға қосылған Тараптар осы Хаттамаға сәйкес 7-бапқа сәйкес ұлттық бағдарламаларды қоса алғанда, іс-әрекеттер туралы ақпарат ұсынады, ал басқа Тараптар тиісті жағдайларда өздерінің ұлттық хабарламаларына, тиісті Тараптың пікірі бойынша, климат өзгеруінің және жағымсыз салдарларының проблемаларын, парник газдары шығарындыларының ұлғаюымен күресті, сондай-ақ жұтушылар сапасын жоғарылату және жұтушылар абсорбциясын ұлғайту, әлеуетті нығайту және бейімделу шараларын қоса алғанда, шешуге ықпал ететін шаралар қарастыратын бағдарламалар туралы ақпаратты қосуға ниеттенеді;

с) экологиялық қауіпсіз технологияларды, ноу-хау, тәжірибе және

климаттың-өзгеруіне қатысы бар процестерді әзірлеу, қолдану және тарату үшін нәтижелі жағдайларды жасауды мақұлдауда ынтымақтасады және жағдайға байланысты осындай технологиялар, ноу-хау, тәжірибе және процестерді және оларға қол жеткізуді тапсыруды мақұлдау, жеңілдету және қаржыландыру мақсатында барлық іс жүзінде орындалуы мүмкін қадамдарды жасайды, бұл әсіресе дамушы елдер үшін маңызды, мемлекет меншігіндегі немесе қоғамдық болып табылатын экологиялық қауіпсіз технологияларды нәтижелі тапсырудың саясаты мен бағдарламаларын әзірлеуді қоса алғанда, және жеке сектор үшін экологиялық қауіпсіз технологияларды және оларға қол жеткізуді тапсыруды мақұлдау және кеңейтуде қолайлы жағдайларды ж а с а у д ы қ а р а с т ы р а д ы ;

d) ғылыми-техникалық зерттеулерде ынтымақтасады және жүйелі бақылау және жүйесін климаттық жүйемен, климат өзгеруінің қолайсыз салдарлары және ден қоюдың түрлі стратегияларының экономикалық және әлеуметтік салдарларымен байланысты белгісіздіктерді төмендету үшін деректер қорын сақтауға және дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ, Конвенцияның 5-бабын назарға ала отырып, ішкі әлеует пен ғылыми зерттеулер мен жүйелі бақылау саласындағы халықаралық және үкіметаралық күш-әрекеттерде, бағдарламалар мен жүйелерде қатысу мүмкіндіктерінің дамуы мен н ы ғ а ю ы н м а қ ұ л д а й д ы ;

c) ол ыңғайлы болғанда, іс жүзіндегі бар органдарды пайдалана отырып, ұлттық әлеуетті нығайтуды белсендіруді, атап айтқанда адам және ұйымдастырушылық ресурстарды, және қызметкерлермен алмасуды немесе қызметкерлерді осы салада сарапшылар дайындау үшін іссапарға жіберуді қоса алғанда, әсіресе дамушы елдер үшін, кадрларды ағарту және дайындау бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру ісінде халықаралық деңгейде ынтымақтастық және мақұлдау жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ ұлттық деңгейде жұртшылықты ақпараттандыруға және жұртшылықтың климаттың өзгеруі туралы ақпаратқа қол жеткізуіне ықпал етеді. Конвенция тиісті органдарының шеңберінде осы қызметті жүзеге асыру үшін қолайлы шарттар Конвенцияның 6-бабын ескере отырып әзірлеуге жатады.

f) өзінің ұлттық хабарламаларына Тараптар Конференциясының тиісті шешімдеріне сәйкес осы бапты орындау үшін жүзеге асырылатын бағдарламалар мен қызмет туралы а қ п а р а т т ы қ о с а д ы ; ж ә н е

g) осы бап бойынша міндеттемелерді жүзеге асырғанда Конвенцияның 4-бабының 8-тармағы толық көлемде назарға алынады.

## **11-бап**

1. 10-бапты жүзеге асырғанда Конвенцияның 4-бабындағы 4, 5, 7, 8 және 9-тармақтардың ережелері назарға алынады.

2. Конвенцияның 4-бабының 1-тармағын жүзеге асырудың ішінде, Конвенцияның 4-бабындағы 3-тармақтың және 11-баптың ережелеріне сәйкес және Конвенцияның қаржылық тетігін басқару жүктелген орган немесе органдар арқылы дамыған елдер

болып келетін Тараптар және Конвенцияның II қосымшасына қосылған басқа да дамыған Тараптар :

а) дамушы елдер болатын Тараптар көтерген барлық келісілген шығындарды жабу үшін 10-бабының а-тармақшасын қоса алғанда Конвенцияның 4-бабының 1а тармағы бойынша міндеттемелерді орындау ісінде алға жылжу үшін жаңа және қосымша қаржылық ресурстарды ұсынады; және

б) сондай-ақ осындай қаржылық ресурстарды, оның ішінде технологияларды тапсыру үшін дамушы елдер болып табылатын Тараптарға қажетті, барлық келісілген қосымша шығындарды жабу үшін 10-бабын қоса алғанда Конвенцияның 4-бабындағы 1-тармағы бойынша міндеттемелерді орындау ісінде алға жылжумен байланысты және осы бапқа сәйкес дамушы ел болып табылатын Тарап пен Конвенцияның 11-бабында аталған халықаралық орган немесе органдар арасында келісілген ресурстарды ұсынады. Осы іс жүзіндегі бар міндеттемелерді орындаған кезде қаражаттардың барабарлық және жоспарланатын ағынында қажеттілік және дамыған елдер болып табылатын Тараптар арасында жүктің тиісті бөлінуінің маңыздылығы назарға алынады. Тараптар Конференциясының тиісті шешімдерінде бар, оның ішінде осы Хаттама қабылданғанға дейін келісілген, Конвенцияның қаржылық тетігін басқару жүктелген орган немесе органдар үшін басшылық нұсқаулар осы баптың ережелеріне *mutatis mutandis* қолданылады.

3. Дамыған ел болып табылатын Тараптар және басқа да Конвенцияның II қосымшасына қосылған дамыған елдер екітарапты, өңірлік және басқа көптарапты арналар арқылы 10-бапты жүзеге асыру үшін қаржылық қаражаттарды ұсынуы мүмкін, ал дамушы ел болып табылатын Тараптар алуы мүмкін.

## **12-бап**

1. Осымен таза дамудың тетігі айқындалады.

2. Таза даму тетігінің мақсаты I қосымшаға қосылмаған Тараптарға тұрақты дамуды қамтамасыз етуге көмектесу және Конвенцияның түпкілікті мақсатына қол жеткізуге жәрдемдесу, және I қосымшаға қосылған Тараптарға 3-бапқа сәйкес шығарындаларды шектеу және қысқарту жөніндегі белгілі сандық міндеттемелерін сақтауды қаматамасыз етуге көмектесу болып табылады.

3. Таза даму тетігінің шеңберінде:

а) I қосымшаға қосылмаған Тараптар шығарындылардың сертификацияланған қысқартуларына апаратын жобалар бойынша қызметтің жүзеге асыруынан түскен пайда мен пайдаланады; және

б) I қосымшаға қосылған Тараптар осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы оларды белгілегендей, 3-бапқа сәйкес шығарындыларды шектеу және қысқарту жөніндегі белгілі сандық міндеттемелердің бөлігін сақтауда жәрдемдесу мақсатында жобалар бойынша осындай қызметтің нәтижесінде шығарындылардың сертификацияланған қысқартуларын пайдалануы

м ү м к і н .

4. Дамудың таза тетігі осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясына бағынады да соның нұсқауларын басшылық етеді және таза даму тетігінің атқарушы кеңесімен басқарылады.

5. Жобалар жөніндегі қызметтің әрбір түрінің нәтижесінде шығарындылардың қысқартулары жедел органдармен сертификацияланады, ол органдарды осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы мына негізде т а ғ а й ы н д а й д ы :

- a) әрбір қатысушы Тарап мақұлдаған өз еркімен қатысуы;
- b) климат өзгеруінің салдарларын жұмсартуға байланысты нақты, өлшемді және ұзақ мерзімді басылымдықтардың;
- c) жобалар жөніндегі қызметтің сертификацияланған түрі болмағанда болуы мүмкін кез келген қысқартуларға қосымша шығарындылар қысқартуларының.

6. Таза дамудың тетігі, қажеттілікке байланысты, жобалар жөніндегі қызметтің сертификацияланған түрлерін қаржыландыруды ұйымдастыруға көмек көрсетеді.

7. Осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы өзінің бірінші сессиясында тәуелсіз тексеріс және жобалар жөніндегі қызметті тексеру жолымен айқындылық, нәтижелілік және есептілікті қамтамасыз ету мақсатында шарттар мен рәсімдерді әзірлейді.

8. Осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы жобалар жөніндегі қызметтің сертификацияланған түрлерінен түсімдердің бөлігі әкімшілік шығындарды жабу үшін пайдаланғанын, сондай-ақ климаттың өзгеруінің қолайсыз салдарынан әсіресе қиналатын дамушы елдер болып табылатын Тараптарға, бейімделуге байланысты шығындарды жабуға, көмек көрсетуін қ а м т а м а с ы з е т е д і .

9. Таза дамудың тетігінде, оның ішінде жоғарыдағы За-тармақта көрсетілген қызметте және шығарындылардың сертификацияланған қысқартуларын сатып алуда жеке және/немесе мемлекеттік субъектілер қатысуы мүмкін және осындай қатысу таза даму тетігінің атқарушы кеңесі беретін мүмкін кез келген басшылық нұсқауларға с ә й к е с жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

10. 2000 жылдан міндеттемелер қолданылуының бірінші кезеңі басталмаған кезеңде қол жеткізген шығарындылардың сертификацияланған түрлері міндеттемелер қолданылуының бірінші кезеңінде сақталуын қамтамасыз етуде көмек көрсету үшін пайдалануы мүмкін.

### **13-бап**

1. Конвенцияның жоғарғы органы, Тараптар Конференциясы, осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет етеді.

2. Осы Хаттаманың Тараптары болмайтын Конвенцияның Тараптары осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясының кез келген

сессиясының жұмысына бақылаушылар ретінде қатысуы мүмкін. Тараптар Конференциясы осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет еткен кезде, осы Хаттамаға қатысты шешімдерді тек ғана осы Хаттаманың Тараптары қабылдайды.

3. Тараптар Конференциясы осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет еткен кезде, Конвенция Тарабын ұсынатын, егер ол осы сәтте осы Хаттаманың Тарабы болмаса, Тараптар Конференциясы Президиумының кез келген мүшесі осы Хаттама Тараптары сайлайтын олардың ішінен қосымша мүшемен ауыстырылады.

4. Осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы осы Хаттаманың жүзеге асырылуын жүйелі қарайды және өз мандаты шеңберінде оның нәтижелі жүзеге асырылуына ықпалдасу үшін қажетті шешім қабылдайды. Ол оған осы Хаттамаға сәйкес жүктелген функцияларды орындайды, және :

а) осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес оған ұсынылған барлық ақпарат негізінде осы Хаттаманың жүзеге асырылу барысын, осы Хаттаманы орындау үшін қабылданатын шаралардың жалпы нәтижелілігін, атап айтқанда экологиялық, экономикалық және әлеуметтік нәтижелелерді, сондай-ақ олардың кумулятивтік әсерін және Конвенцияның мақсатына жетудегі прогрестің дәрежесін бағалайды;

б) Конвенцияның 4-бабының 2d-тармағына және 7-бабының 2-тармағына сәйкес талап етілетін кез келген қарауларды тиісті түрде ескере отырып, Конвенцияның мақсаттарының, оның жүзеге асырылғанда жинақталған тәжірибесінің және ғылыми және техникалық білімдер эволюциясының аясында осы Хаттама бойынша Тараптардың міндеттемелерін мерзімді қарайды және осыған байланысты осы Хаттаманың жүзеге асырылуы туралы жүйелі баяндамаларды қарайды да қабылдайды;

с) Тараптар шарттарының, жауапкершілігінің және мүмкіндіктерінің айырмашылығын және олардың осы Хаттама бойынша тиісті міндеттемелерін назарға ала отырып, климаттың өзгеруі және оның салдарларының проблемаларын шешу үшін Тараптар қабылдайтын шаралар туралы ақпаратты алмасуға ықпалдасады және жәрдемдеседі ;

д) екі немесе одан артық Тараптардың өтініші бойынша Тараптар шарттарының, жауапкершілігінің және мүмкіндіктерінің айырмашылығын және олардың осы Хаттама бойынша тиісті міндеттемелерін назарға ала отырып, олар климат өзгеруінің және оның салдарларының проблемаларын шешу үшін қолданылатын шараларды үйлестіруге жәрдемдеседі ;

е) Конвенцияның мақсатына және осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес және Конвенцияның Тараптар Конференциясының тиісті шешімдерін толық көлемде назарға ала отырып, осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы көтермелейді, осы Хаттаманы нәтижелі жүзеге асыру үшін салыстырмалы әдістемелерді әзірлеуді және мерзімді нақтылауды көтермелейді және жібереді ;

f) осы Хаттаманы жүзеге асыру үшін қажетті кез келген мәселелер бойынша ұсыныстар шығарды ;

g) 11-баптың 2-тармағына сәйкес қосымша қаржылық қаражатты жұмылдыру үшін шаралар қолдайды ;

h) осы Хаттаманы жүзеге асыру үшін талап етілетін қосымша органдардың құрылтайшысы болады ;

i) ол қажет болғанда, құзыретті халықаралық ұйымдар мен үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдардың және олар ұсынатын ақпаратты сұрайды да онымен пайдаланады ; және

j) осы Хаттаманы жүзеге асыру үшін қажет болуы мүмкін басқа осындай функцияларды орындайды және Тараптар Конференциясы шешімінің нәтижесі болатын кез келген мақсаттарды қарайды.

5. Мына жағдайларды алып тастағанда: осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы пәтуа негізінде басқа шешім қабылдауы мүмкін болуын, Тараптар Конференциясы рәсімдерінің ережелері және Конвенцияға сәйкес қолданылатын қаржылық рәсімдер осы Хаттамаға *mutatis mutandis* қолданылады .

6. Хатшылық осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясының бірінші сессиясын шақырады, Тараптар Конференциясының бірінші сессиясымен бірге, ол осы Хаттаманың күшіне енген күннен кейін жоспарланған болатын. Егер осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы басқа шешім қабылдаса, осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясының кейінгі кезекті сессиялары жыл сайын және Тараптар Конференциясының кезекті сессияларымен бірге өткізіледі.

7. Егер осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы оны қажетті деп санағанда, немесе кез келген Тараптың жазбаша талабы бойынша, Хатшылық осы талапты Тараптарға жібергеннен кейін алты ай ішінде , егер оны Тараптардың үштен бір бөлігі қолдаған жағдайда, осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясының кезектен тыс сессиялары шақырады .

8. Біріккен Ұлттар Ұйымы, оның арнайы мекемелері және Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік, сондай-ақ кез келген мемлекет - осындай ұйымдардың мүшесі немесе Конвенцияның Тараптары болмайтын олардың жанындағы бақылаушылар осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясының сессияларында бақылаушылар ретінде ұсынылуы мүмкін. Кез келген органдар немесе мекемелер, ол ұлттық немесе халықаралық, үкіметтік немесе үкіметтік емес болса, егер олар осы Хаттаманың қолданылу сферасына қатысы бар мәселелерде құзыреті бар және олар осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясының сессиясында бақылаушылар ретінде ұсынылғысы



келгендігі туралы Хатшылыққа хабарласа, егер оған қатысуға Тараптардың үштен бір бөлігінен кем еместері қарсылық білдірген жағдайды алып тастағанда, оған қатысуға жіберілуі мүмкін. Бақылаушылардың жіберілуі және қатысуы жоғарыдағы 5-тармақта қарастырылғандай, рәсім ережелерімен реттеледі.

#### **14-бап**

1. Секретариат, Конвенцияның 8-бабына сәйкес құрылтайшы ретінде, осы Хаттаманың секретариаты болып қызмет етеді.

2. Секретариат функциясы жөнінде Конвенцияның 8-бабының 2-тармағы және секретариаттың қызмет етуін ұйымдастыру жөнінде Конвенцияның 8-бабының 3-тармағы осы Хаттамаға *mutatis mutandis* қолданады.

#### **15-бап**

1. Конвенцияның 9-бабы мен 10-бабына сәйкес құрылтайшы болған ғылыми-техникалық аспекті бойынша Кеңесшілікке көмекші орган және жүзеге асыру жөніндегі Көмекші орган, осы Хаттаманың ғылыми-техникалық аспекті бойынша кеңесшілікке Көмекші орган және осы Хаттаманы жүзеге асыру жөніндегі Көмекші орган ретінде сәйкес қызмет етеді. Конвенцияға сәйкес осы екі органның әрекет жасауына қатысты ережелер, осы Хаттамаға *mutatis mutandis* қолданады. Ғылыми-техникалық аспекті бойынша кеңесшілікке Көмекші орган және осы Хаттаманы жүзеге асыру жөніндегі отырыс сессиясы, ғылыми-техникалық аспекті бойынша кеңесшілікке Көмекші орган және Конвенцияны жүзеге асыру жөніндегі Көмекші органның отырысына байланысты сәйкес өткізіледі.

2. Осы Хаттаманың Тараптары болып табылмайтын Конвенция Тараптары, көмекші органның кез келген сессия жұмысына бақылаушы ретінде қатыса алады. Көмекші органдар осы Хаттаманың көмекші органы ретінде әрекет еткенде, осы Хаттамаға қатысты шешімді осы Хаттаманың Тараптары болып табылатын Тараптар ғана қ а б ы л д а й д ы .

3. Конвенцияның 9-бабы мен 10-бабына сәйкес құрылтайшы болған көмекші органдар, осы Хаттама сұрақтарына байланысты әрекет еткенде, сол мезетте осы Хаттаманың Тарабы болып табылмайтын, Конвенция Тарабын білдіретін осы көмекші органдардың кез келген бюро мүшесі, осы Хаттаманың Тараптарымен өз араларынан сайланған қосымша мүшемен ауыстырылады.

#### **16-бап**

Осы Хаттаманың кеңесі ретінде әрекет ететін Тараптар Конференциясы, мүмкіндік болған жағдайда, Конвенцияның 13-бабында айтылған көп тарапты кеңес процесі осы Хаттамаға қолдану жөніндегі сұрақтарды, керек болған жағдайда, бұл процестің модификациясы жөнінде, Тараптар Конференциясында қабылдануы мүмкін кез келген тиісті шешімдерді қарастырады. Осы Хаттамаға қолданылуы мүмкін кез келген көп тарапты кеңес процесі, 18-бапқа сәйкес құрылтайшы болған рәсімдер мен тетіктерге залалсыз қызмет етеді.

## **17-бап**

Тараптар Конференциясы, тексеру, баяндамалар ұсынылымын және шығарынды саудасын тіркеу үшін тиісті принципін, жағдайын, ережесі мен басқару принципін айқындайды. В қосымшасында қосылған Тараптар 3-бап бойынша өз міндеттерін орындау мақсатында шығарынды саудасына қатыса алады. Кез келген мұндай сауда, осы бапқа сәйкес шығарындыны шектеу және қысқарту жөнінде белгілі сандық міндеттерді орындау мақсатында, ішкі қызметті толықтырады.

## **18-бап**

Осы Хаттама Тараптарының кеңесі ретінде қызмет ететін Тараптар Конференциясы, өзінің бірінші сессиясында осы Хаттаманың ережелерін сақтамау жағдайларын анықтаудың тиісті және тиімді рәсімі мен тетігін, сонымен қатар сақтамаудың себебі, түрі, деңгейі және жиілігін ескере отырып, шамамен зардап салдарының тізбесін әзірлеу арқылы әсер етуді бекітеді. Осы бапқа сәйкес кез-келген зардап әкелетін, міндетті сипатта, рәсім мен тетігі осы Хаттамаға өзгертулер енгізу арқылы қабылданады.

## **19-бап**

Конвенцияның 14-бабындағы дауларды реттеу ережесі Осы Хаттамаға *mutatis mutandis* қолданылады.

## **20-бап**

1. Кез-келген Тарап осы Хаттамаға түзетулер ұсына алады.

2. Осы Хаттамаға түзетулер, осы Хаттаманың Тараптар кеңесі ретінде жүзеге асатын, Тараптар Конференциясының кезекті сессиясында қабылданады. Секретариат Тараптарға осы Хаттамаға ұсынылатын кез-келген түзетулер мәтінін, қабылдауға ұсынылатын отырыс басталмас бұрын ең кемінде алты ай бұрын хабарлайды. Секретариат сонымен қатар Тараптарға және Конвенция сигнатарияларына және ақпарат үшін Депозитарияға кез-келген ұсынылатын түзетулер мәтінін хабарлайды.

3. Тараптар осы Хаттамаға ұсынылатын кез-келген түзетулер жөнінде келісімге жету үшін пәтуа негізінде бар мүмкіндіктерді қолданады. Егер консенсусқа жету бағытындағы бар мүмкіндіктер толық пайдаланылып және келісімге қол жеткізілмесе, онда түзетулер соңғы шара ретінде, дауыс беруге қатынасусшылар және осы Тараптар отырысына қатысусшылардың көпшілік төрттен үш дауысымен қабылданады. Секретариат қабылданған түзетулер мәтінін Депозитарияға хабарлайды, ол қабылдау үшін мұны барлық Тараптарға жолдайды.

4. Түзетулерді қабылдау жөніндегі құжаттар Депозитарияға сақтау үшін тапсырылады. Жоғарыдағы 3-тармақшаға сәйкес қабылданған түзетулер, оны қабылдаған Тараптар үшін, осы Хаттаманың көпшілік төрттен үш дауысымен қабылданғаны жөніндегі құжатты Депозитарияның алған күнінен бастап тоқсаныншы күні өзі күшіне енеді.

5. Өзге кез-келген Тараптар үшін түзетулер, осы Тараптардың көрсетілген

түзетулері қабылданғаны жөніндегі Депозитарияға құжатты сақтауға тапсырылған мерзімнен кейін тоқсаныншы күні өз күшіне енеді.

## **21-бап**

1. Осы Хаттама қосымшасы оның бөлінбес бөлігін құрайды және егер өзге тікелей ескерулер болмаса, осы Хаттамаға сүйену мұның кез-келген қосымшасына да сүйену болып табылады. Осы Хаттама күшіне енгеннен кейін қабылданған кез-келген қосымша, тізбелер, қалыптар немесе ғылыми, техникалық, рәсімдік немесе әкімшілік мәселелерге байланысты сипаттама түріндегі өзге материалдармен шектеледі.

2. Кез-келген Тарап осы Хаттамаға қосымша қабылдау үшін ұсыныс және осы Хаттама қосымшасына түзетулер енгізуге ұсыныс ұсына алады.

3. Осы Хаттамаға қосымша және осы Хаттама қосымшаларына түзетулер, осы Хаттаманың Тараптар кеңесі ретінде жүзеге асатын Тараптар Конференциясының кезекті сессиясында қабылданады. Секретариат Тараптарға кез-келген қосымша мәтінін немесе қосымшаға түзетулерді, қабылдау үшін ұсынылатын отырыс басталмас бұрын ең кемінде алты ай бұрын хабарлайды. Секретариат сонымен қатар Тараптарға және Конвенция сигнатарияларға және ақпарат үшін Депозитарияға кез-келген ұсынылған қосымша немесе ұсынылған қосымша түзетулерінің мәтінін хабарлайды.

4. Тараптар осы Хаттамаға ұсынылатын кез-келген қосымша немесе кез-келген ұсынылған қосымшаның түзетулері жөнінде келісімге жету үшін консенсус негізінде бар мүмкіндіктерді қолданады. Егер консенсусқа жету бағытындағы бар мүмкіндіктер толық пайдаланылып және келісімге қол жеткізілмесе, онда қосымша немесе қосымшаға түзету соңғы шара ретінде, осы Тараптар отырысында дауыс беруге қатынасушылар және қатысушылардың көпшілік төрттен үш дауысымен қабылданады. Секретариат қабылданған қосымша немесе қабылданған қосымшаға түзетулер мәтінін Депозитарияға хабарлайды, ол мұны қабылдау үшін барлық Тараптарға жолдайды.

5. Жоғарыда 3-4-тармаққа сәйкес қабылданған, А және В қосымшаларынан басқа, қосымша немесе қосымшаға түзету осы Хаттаманың барлық Тараптарына, тек осы кезең ішінде жазбаша түрде Депозитарияны аталған қосымша немесе қосымшаға түзетулерді өздерінің қабылдамауы жөнінде хабардар еткен Тараптардан басқа, Депозитарияның Тараптарға аталған қосымшаны қабылдау немесе қосымшаға түзетулер енгізуді қабылдау жөніндегі хабарды жолдаған мерзімінен кейін алты айдан соң күшіне енеді. Қабылдамау жөніндегі өз хабарламасының күшін жойған Тараптар үшін, қосымша немесе қосымшаға түзетулер Депозитарияның мұндай хабарламаның күшін жойғандығы туралы хабар алғаннан кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

6. Егер қабылданған қосымша немесе қосымшаға түзетулер осы Хаттамаға түзетулер енгізуге байланысты болса, осы Хаттама түзетулері күшіне енбей, мұндай қосымша немесе мұндай қосымшаға түзетулер күшіне енбейді.

7. Осы Хаттаманың А және В қосымшаларына түзетулер 20-бапта аталған рәсімге сәйкес қабылданады және күшіне енеді, В қосымшасына кез-келген түзетулер тиісті Тараптың жазбаша келісімімен ғана қабылданады.

## **22-бап**

1. Төмендегі 2-тармақта қарастырылған жағдайлардан басқа, әр Тарап бір дауысқа и е б о л а д ы .

2. Экономикалық ықпалдастықтың аумақтық ұйымдары осы Хаттаманың Тараптары болатын олардың мемлекеттер мүшелерінің санымен тең дауыс саны бойынша, олардың құзырына енетін мәселелерді шешу жөнінде дауыс беруге қатысады . Егер оның мемлекеттер мүшелері дауыс беру құқығымен пайдаланса, мұндай ұйым дауыс беру құқығынан айырылады және керісінше.

## **23-бап**

Осы Хаттаманың Депозитария функциясын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас секретары орындайды.

## **24-бап**

1. Осы Хаттама қол қоюға ашық және ратификациялауға жатады, Конвенцияның Тараптары болып табылатын мемлекеттер мен экономикалық ықпалдастықтың аймақтық ұйымдарының қабылдауы және мақұлдауына ашық болып табылады. Ол Нью-Йорктегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемелерінде 1998 жылғы 16 наурыздан 1999 жылдың 15 наурызына дейін қол қоюға ашық. Осы Хаттама өзінің қол қоюға жабылған мерзімінен кейін келесі күні қосылу үшін ашық. Ратификациялау, қабылдау, қолдау және қосылу жөніндегі құжаттар Депозитарияға сақтау үшін т а п с ы р ы л а д ы .

2. Осы Хаттаманың Тарабы болып табылатын, бірақ оның мемлекеттер мүшелері Тарап болып табылмайтын кез-келген экономикалық ықпалдастықтың аймақтық ұйымдары Осы Хаттамадан шығатын барлық міндеттерді қабылдайды. Осы Хаттаманың Тараптары болатын бір немесе бірнеше мемлекеттер мүшелері бар ұйымдар жағдайында, мұндай ұйымдар және оның мемлекеттер мүшелері осы Хаттамада өздері алған міндеттерінің орындалуына сәйкес міндеттерге байланысты шешім қабылдайды. Мұндай жағдайда осы ұйымдар және оның мемлекеттер мүшелері осы Хаттамаға сәйкес құқықтармен бір уақытта қолдана алмайды.

3. Экономикалық интеграциялаудың аймақтық ұйымдары өздерінің ратификациялау , қабылдау, мақұлдау немесе қосылу жөніндегі құжаттарында, осы Хаттама реттейтін мәселелерге қарасты өз құзырының шегін хабарлайды. Сонымен қатар осы ұйымдар өз құзырындағы кез келген мәнді өзгерістер жайлы Депозитарияға ақпарат береді, ол өз кезегімен Тараптарға ақпарат береді.

## **25-бап**

1. Осы Хаттама ең азы 55 Конвенция Тараптары, мұның ішінде 1990 жылғы, Тараптардың жалпы диоксид көміртегі шығарындыларының жиынтығының үлесі ең аз

дегенде 55 пайыз болып келетін І қосымшасында қосылған Тараптар да, ратификациялау, қабылдау, мақұлдау және қосылу жөніндегі өз құжаттарын сақтауға тапсырғаннан кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

2. Осы баптың мақсаты үшін "1990 жылға, І қосымшасында қосылған Тараптардың диоксид көміртегінің жалпы шығарындылары" дегені, І қосымшасында қосылған Тараптардың, осы Хаттаманы қабылдаған күні немесе алдында Конвенцияның 12-бабына сәйкес ұсынылған өздерінің бірінші ұлттық хабарларында мәлімдеген санды б і л д і р е д і .

3. Экономикалық интеграциялаудың аймақтық ұйымдары және әр мемлекет үшін, Осы Хаттаманы ратификациялайтын, қабылдайтын және мақұлдайтын немесе жоғарыдағы 1-тармақшаға сәйкес оған күшіне ену үшін шартты орындағаннан кейін қосылатындар үшін, осы Хаттама ратификациялау, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу жөніндегі құжаттарын сақтауға тапсырғаннан кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

4. Осы баптың мақсаты үшін, экономикалық интеграциялаудың аймақтық ұйымдарының сақтау үшін тапсырған бірде-бір құжаты, мемлекеттер мүшелердің сақтауға тапсырған құжаттарына қосымша ретінде қаралмайды.

#### **26-бап**

Осы Хаттамаға қосымша түсінік берілмейді.

#### **27-бап**

1. Кез келген Тарап үшін Хаттаманың күшіне енген күннен кейін үш жылдан соң кез келген уақытта, Депозитарияға жазба түрінде хабардар етіп Хаттамадан шыға а л а д ы .

2. Кез келген мұндай шығу Депозитарияның шығу туралы хабарламаны алған күннен соң бір жылдан кейін немесе шығу туралы хабарламада көрсетілген кеш м е р з і м д е кү ш і н е е н е д і .

3. Конвенциядан шығатын кез келген Тарап, осы Хаттамадан да шыққан болып саналады.

#### **28-бап**

1. Осы Хаттаманың түпнұсқасы, мәтіні ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі тең түпнұсқа болып табылады, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас секретарына сақтауға тапсырылады.

Бір мың тоғыз жүз тоқсан жетінші жылы он бірінші желтоқсанда Киотода Ж А С А Л Д Ы .

ОСЫҒАН КУӘ РЕТІНДЕ төменде қол қойғандар, тиісті жағдайда осыған уәкілетті, осы Хаттаманың астына өз қолдарын аталған күні қойды.

#### **А Қосымша**

	<u>П а р н и к</u>	г а з д а р ы
К ө м і р т е к	д и о к с и д і	( C O 2 )
М е т а н		( C H 4 )

Азот шала тотығы (N<sub>2</sub>O)  
 Гидрофтор (ГФК)  
 Перфтор көміртегі (ПФК)  
 Гексафторид күкірті (SF<sub>6</sub>)  
Көздер мен жұтушылар секторы/санаты  
 Энергетика  
 Отынды жағу  
 Энергетика өнеркәсібі  
 Өңдеу өнеркәсібі мен құрылыс  
 Көлік  
 Өзге секторлар  
 Басқалар  
 Отынды өндіру мен тасымалдау кезіндегі төгілуі  
 Қатты отын  
 Мұнай мен табиғи газ  
 Басқалар  
 Өнеркәсіп процестері  
 Кен өндіру өнеркәсібінің өнімі  
 Химиялық өнеркәсіп  
 Металлургия  
 Өзге өндірістер  
 Галогенденген көміртекті қосылыстары мен күкірт гексафторидін  
 өндіру  
 Галогенденген көміртекті қосылыстары мен күкірт гексафторидін  
 тұтыну  
 Басқа  
 Еріткіштер мен өзге өнімдерді пайдалану  
 Ауылшаруашылығы  
 Интестиналды ферментация  
 Көңді жинау, сақтау мен пайдалану  
 Күріш өндіру  
 Ауылшаруашылық жер  
 Басқарылатын саванна палы  
 Ауылшаруашылық қалдықтарды танаптарда жағу  
 Басқалар  
 Қалдықтар  
 Қатты қалдықтарды топырақта тазарту  
 Ағынды суды өңдеу

Басқалар  
В Қосымша  
Тарап

Шығарындыларды шектеу немесе  
қысқарту жөніндегі белгілі сандық  
міндеттемелер

(пайызда базалық жыл немесе кезеңнен)

А в с т р а л и я		1 0 8
А в с т р и я		2 9
Б е л ь г и я		2 9
Б о л г а р и я *		2 9
В е н г р и я *		4 9
Г е р м а н и я		2 9
Г р е ц и я		2 9
Д а н и я		2 9
Еуропалық қауымдастық		29
И р л а н д и я		2 9
И с л а н д и я		1 1 0
И с п а н и я		2 9
И т а л и я		2 9
К а н а д а		4 9
Л а т в и я *		2 9
Л и т в а *		2 9
Л и х т е н ш т е й н		2 9
Л ю к с е м б у р г		2 9
М о н а к о		2 9
Н и д е р л а н д ы		2 9
Жаңа Зеландия		1 0 0
Н о р в е г и я		1 0 1
П о л ь ш а *		4 9
П о р т у г а л и я		2 9
Ресей Федерациясы*	100	

Тарап

Шығарындыларды шектеу немесе  
қысқарту жөніндегі белгілі сандық  
міндеттемелер

(пайызда базалық жыл немесе кезеңнен)

Р у м ы н и я *		2 9
С л о в а к и я *		2 9
С л о в е н и я *		2 9

Ұлыбритания	және	Солтүстік	
Ирландия	Құрама	корольдігі	29
Америка	Құрама	Штаты	39
Украина*			100
Финляндия			29
Франция			29
Хорватия*			59
Чех Республикасы*			29
Швейцария			29
Швеция			29
Эстония*			29
Жапония	49		

\*Нарықтық экономикаға көшу процесін жүзеге асырушы Тараптар.